

ЖАҢА КОДЕКСТЕ ЖАҢАЛЫҚТАР КӨП

2021 жылғы 1 шілдесінен бастап республикамызда жаңадан ашылған мамандандырылған әкімшілік соттар өз қызметін бастаған болатын. Әкімшілік әділеттің негізгі бағытын жүзеге асыратын бұл соттар жеке тұлғалар мен билік етуші органның арасындағы жария-құқықтық қатынастардан туындаған дауларды шешу үшін және өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдардың қызметін дұрыс қалыптастыру үшін құрылған.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік Кодексі жаңадан қабылданған заң актісі болғандықтан, оның ерекшеліктерін, артықшылықтарын жете түсіндіру мақсатында құқықтық насихаттау жұмыстары ауқымды көлемде жүргізілді.

Дегенмен мамандандырылған әкімшілік сотына қарауға түскен істердің статистикалық көрсеткіштерін сараласак бұл соттарда қаралатын істердің сөттылығы бойынша әлі де сауалдар туындауда.

Жария-құқықтық қатынастары дегенім – құқық субъектілері арасындағы бір тараптың екінші тарапқа қатысты өктемдік өкілеттіктерін жүргізуіне байланысты билік-бағыну қатынастары. Яғни оның жауапкері мемлекеттік орган, басқа да әкімшілік орган немесе лауазымды тұлға болуы мүмкін. Сонымен қатар сот орындаушылардың әрекеттеріне де келтірілген даулар осы әкімшілік іс жүргізу тәртібімен қаралады. Себебі сот орындаушыларға мемлекеттің атқаратын қызметі берілген.

Талап қоюшы болып – өзінің бұзылған немесе дау айтылған құқықтарын, бостандықтарын, заңды мүдделерін қорғау үшін сотқа жүгінген жеке тұлға немесе заңды тұлға табылды.

Әкімшілік талап сотқа түскен күннен бастап іс қозғалған болып есептеледі, яғни сот талап қоюды өндіріске қабылдау туралы ұйғарым қабылдамайды.

Сондықтан, егер әкімшілік іс жүргізу тәртібімен қаралуға жатпайтын талап сотқа түскен жағдайда ол істі сот сөттылығы бойынша басқа сотқа жолдай алмайды.

Келісім шарт қатынастарынан, азаматтық, еңбек, мүліктік, тұрғын үй т.б. қатынастардан туындаған, яғни жариялық-құқықтық қатынастардан туындамаған даулар әкімшілік іс жүргізу тәртібімен қаралуға жатпағандықтан кері қайтарылады. Бүгінгі күнге дейін Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының өзінде барлық қайтарылған талаптардың 40 пайызға жуығы Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік Кодексінің 138-бабының 2-бөлігінің 11) тармағы бойынша әкімшілік іс жүргізу тәртібімен қаралуға жатпайтындықтан қайтарылған.

Кері қайтарылған талап арыздардың көп бөлігі еңбек қатынастарынан және келісім шарт қатынастарынан туындаған даулар. Мысалы жұмыс беруші мен қызметкердің арасындағы қызметтік тексеруге байланысты немесе өтелмеген жалақысына қатысты келіспеушіліктен туындаған талап қоюлар осы негізбен қайтарылған. Себебі жұмыс беруші мемлекеттік орган болса да олардың арасында еңбек шарты жасалынған.

Сонымен қатар, сотқа коммуналдық қызмет көрсету барысында ауыз су, жылу, электр энергиясымен қамтамасыз етудегі қызмет көрсетуші мен тұтынушылардың арасындағы даулар бойынша талаптар түсеуде. Көрсетілген коммуналдық қызметтер жария шарттарынан туындайды. Алайда талап қоюшылар жария шартынан туындаған келісім шарт қатынастарын жариялық қатынастарымен шатастырады.

Әкімшілік істерді мамандандырылған әкімшілік соттар және аудандық соттардың қарауы осы Кодекспен көзделген. Егер талап қоюшы жеке тұлға болса ол өзінің тұрғылықты жері бойынша аудандық сотқа жүгіне алады. Бұл тәртіп заңды тұлғаларға қолданбайды. Аудандық соттарда да жеке тұлғаның талап қоюы әкімшілік іс ретінде Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік Кодексінің талабымен қаралады.

Жеке тұлғалардың өзінің тұрғылықты жерінде дауын шешу мүмкіндігі жекелеген істердің жедел және сапалы қаралуына тиімді.

Егер әкімшілік акт электронды түрде шығарылған болса оның даулануы талап қоюшының тұрғылықты жері бойынша мамандандырылған сотқа жүргізіледі. Яғни, электронды актінің заңды тұлға дауласа ол талабын өзінің тұрғылықты жері бойынша мамандандырылған әкімшілік сотына беруі тиіс. Ал жеке тұлғалар Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік Кодексінің 102 бабына сәйкес өзінің тұрғылықты жеріндегі аудандық сотқа немесе мамандандырылған сотқа беруге құқығы бар.

Сонымен қатар, жаңа Кодекстің талабы бойынша егер ол санаттағы істер үшін заңда белгіленген дауды сотқа дейінгі реттеу тәртібін сақтамаса және бұл тәртіпті қолдану мүмкіндігі жойылмаса талап қайтарылады. Сотқа дейінгі реттеу тәртібі әкімшілік орган мен арызданушының арасындағы дауды өзара шешуге қосымша мүмкіндік береді.

Сотқа дейінгі тәртіптің енгізілуінің негізгі бағыты әкімшілік органдарға өз қателіктерін, кемшіліктерін жоюға мүмкіндік беру. Себебі шағым алдымен әкімшілік актінің қабылдаған органға түседі. Азаматтар жоғарғы тұрған органды іздеп әуре-сарсаңға түспейді, сол әкімшілік органға береді, ол тиісінше өзінің жоғары тұрған сатысына жолдайды. Егер шешім қабылдаған төменгі сатыдағы орган өзінің қатесін жөндегісі келсе, ол шағымды жоғары тұрған органға жолдамай-ақ қарап, қолайлы акт шығаруға құқылы. Яғни, егер шағым қанағаттандырылуға жағдайы деп талса,



қателігін түзеп, қолайлы акт қабылдаса шағым әрі қарай жоғарғы тұрған органға жолданбай, дау сол сатыда шешіледі. Мұндай өзін-өзі бақылау механизмі біртүтес әкімшілік актілерді қабылдауға және азаматтардың уақытын үнемдеп, бұзылған құқықтарын жылдам қалпына келтіруге мүмкіндік береді.

Егер жоғарғы тұрған орган шағымды қарап оны қанағаттандырыусыз қалдырса әкімшілік акт сотта дауланған кезде ол қосымша жауапкер ретінде іске таратылуы мүмкін. Сонымен қатар, жоғары тұрған органның әкімшілік рәсімдерді жүргізген кезде шағым нәтижесімен қабылдаған актісі де даулануы мүмкін.



Бұл жағдай тиісінше жоғары тұрған органның өзінің бағынысындағы әкімшілік органдардың кемшіліктерін түзетуге негіз болдырмау үшін шаралар қабылдауды талап етеді.

Соттың қарауына түскен істердің сотқа дейінгі тәртіптің сақталмауы себепті қайтарылған талаптардың көп бөлігі мемлекеттік сатып алу қорытындыларын, нұсқамаларды даулаға қатысты талаптар.

Камералдық бақылау жүргізу қағидаларының және «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңының талаптарына сәйкес мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның мемлекеттік аудиті және камералдық бақылауы нәтижелері бойынша қабылданатын құжаттарға шағым жасау кезінде туындайтын дауларды апелляциялық реттеу міндетті болып табылады.

Мемлекеттік сатып алу конкурстарының нәтижесі бойынша бекітілген мерзім ішінде шағым келтірілмеген жағдайда конкурс хаттамасының негізінде мемлекеттік

судья міндетті түрде бұл мерзімнің сақталуын тексереді. Егер қойылған талап бойынша талап қою мерзімі өткен болса судья талап қоюшыға ол мерзімді қалпына келтіру туралы өтініш беру тәртібін түсіндіреді.

Әкімшілік істер бойынша бұл мерзім процестік мерзім болғандықтан, оның сақталуы міндетті болып табылады және ол мерзімнің өтуі істі негізіннен қарауға келергі болады. Дәлелді себеппен өткізіп алынған мерзімді сот Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің қағидалары бойынша қалпына келтіруі мүмкін. Талап қоюды сотқа беруге арналған мерзімдерді өткізіп алу себептері мен олардың мәнін әкімшілік істің дұрыс шешілуі үшін сот алдын ала тыңдауда анықтайды. Сот талап қоюды беруге өткізіп алынған мерзімді қалпына келтіруден бас тартса талапты қайтарады, істі негізіннен қарамайды.

Әкімшілік іс жүргізуіндегі жаңа қағидаларының тиімділігі мен қажеттілігі сот тәжірибесінде дәлелденіп, анықтады. Әкімшілік сот ісін жүргізу қағидалары

дұрыс шешу үшін маңызы бар барлық нақты мән-жайды жан-жақты, толық және объективті түрде зерттей алады.

Істі қарайтын судья әкімшілік істің нақты және заңды тұстарына жататын құқықтық негіздемелер бойынша өзінің алдын ала құқықтық пікірін айтуға құқылы. Сотқа құқықтық салдарды алдын ала түсіндіре отырып, тарапқа талап қою талаптарын тұжырымдауда және (немесе) өзгертуде жәрдем көрсетуге құқығы берілген. Сот процестің барлық сатыларында формальды қателерді жоюға, түсініксіз сөздерді нақтылауға, әкімшілік істің мәні бойынша өтінішхаттарды беруге, толық емес нақты деректерді толықтыруға, әкімшілік істің мән-жайларын толық айқындау мен объективті бағалау үшін маңызы бар барлық жазбаша түсініктемелерді беруге жәрдем көрсетуге міндетті. Егер әкімшілік процеске қатысушылар ұсынған дәлелдемелер жеткіліксіз болып табылса, сот оларды өз бастамасы бойынша жинайды.

Соттың белсенді рөлі қағидаты кеңінен қолданғандығының нәтижесінде қазіргі уақытта сотта қаралған істердің 50 пайызынан астам бөлігі бойынша талап қоюлар қанағаттандырылған, яғни мемлекеттің органның емес талап қоюшының пайдасына шешілген.

Кодексте бұрын болмаған жаңа тәртіптер бойынша егер тиісті жауапкерді тартуға талап қоюшы қарсы болса сот өз бастамасымен оны қосымша жауапкер ертіңде іске тарта алады. Азаматтық іс жүргізуіде тиісті жауапкерді талап қоюшы ауыстырмаса сот талапты қанағаттандырудан бас тартпайды. Кодекстің бұл ерекшелігі талап қоюшының өзінің құқықтық жағдайын жете түсінбеген жағдайда оның дауы бойынша әділ сот шешімін қабылдауға ықпалын тиізеді.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік-рәсімдік процестік кодексі бойынша әкімшілік істердің сот өндірісін ауызша және жазбаша тәртібімен жүргізуге мүмкіндік берілген.

Ауызша іс жүргізуіде іс сот отырысына тағайындалып қаралса, жазбашада іс сот отырысы тағайындалмайды, яғни іс ауызша талқылауды жүргізбестен қаралады. Әкімшілік істер бойынша жазбаша іс жүргізудің азаматтық іс жүргізу кодексіне көзделген оңайлатылған іс жүргізуден айырмашылығы төмендегіше:

- 1) Шешімді қабылдаған сот ол шешімді өзі күшін жоюға құқығы жоқ.
- 2) Жеке процестік әрекетті жасау немесе процестік мәселені шешу үшін іс жүргізу барысында ауызша сот отырысын тағайындауға болады. Мысалы куәлерді тыңдауға, тағы да басқа әрекеттерді жасауға. Қажетті ауызша сот талқылауды өткізгеннен кейін жазбаша іс жүргізуді одан әрі жүргізіле беріледі.
- 3) Жазбаша іс жүргізу тек тараптардың келісімі бойынша жүргізіледі.
- 4) Жазбаша іс жүргізу тәртібімен қаралуға жататын істердің жекелеген санаттары бекітілмеген.

Іс бойынша алдын ала тыңдауда сот тараптарға әкімшілік істі жазбаша іс жүргізу тәртібімен қарау мүмкіндігі туралы міндетті түрде түсіндіреді. Яғни, істі жазбаша тәртіпте қарау мәселесі сот отырысы тағайындалмай тұрып шешіледі.

Тараптар барлық дәлелдемелерін, өтініштерін сотқа ұсынады, олар міндетті түрде басқа тараптарға жолданады. Яғни, сот өз шешімін қандай дәлелдемелерге негіздейтінін тараптар хабардар болып отырады.

Жазбаша іс жүргізудің де тиімділігі өте жоғары. Себебі бұл тәртіп тараптардың және соттың уақытын үнемдеуге қолайлы.

Жоғарыда көрсетілгендерді түйіндеп келе, еліміздегі алғаш рет бағыт алған әкімшілік әділеттің оң тұстары және тиімді жақтары елеулі екенін аңғаруға болады. Осының барлығы сот жүйесінде жасалған реформалардың оң нәтиже беруі мен халыққа қолайлы заң нормаларын қалыптастыру бағытында жасалған тиімді шаралары жемісі.

Г.МЫРЗАГАЕВА,
Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының төрағасы

ТАТУЛАСТЫРУШЫ–СУДЬЯ ЕКІ КҮНДЕ 24 МЕДИАЦИЯЛЫҚ КЕЛІСІМДІ БЕКІТТИ

Дауларды реттеудің қолданыстағы тетіктерін жетілдірудің және азаматтардың бұзылған құқықтарын қорғаудың басым бағыттарының бірі – татуластыру рәсімдерін дамыту болып табылады.

Азаматтық процестік кодекстің 4-бабына сәйкес дауды бейбіт жолмен реттеуге жәрдемдесу азаматтық сот ісін жүргізудің міндеті ретінде айқындалған.

Осыған сәйкес, Қызылорда қалалық сотында бұл бағытты жүзеге асыру мақсатында татуластырушы-судьялар бекітіліп, татуласу үшін жағдай жасалауда.

Татуластыру рәсімдерін жүргізу үшін талап қоюлар татуластырушы-судьяларға беріледі, әрі қарай татуластырушы-судья келесі күннен кешіктірмей татуластыру рәсіміне қатысу үшін шақыру мен сотқа дейінгі хаттаманың үлгісін жібереді, онда тараптар өздерінің талаптарының немесе қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасағысы келетін тараптардың және іске қатыспаын басқа да тұлғалардың апу, ұсыну және дәлелдерін алмасу

жөніндегі іс-әрекеттерін көрсетуге және іс сотта қаралған жағдайда оларды пайдалануға құқығы түсіндіріледі.

Осыған орай, Қызылорда қалалық сотында татуластырушы-судьяның өндірісінде екі күнде 24 қарыз сомасын өндіру туралы азаматтық іс бітімгершілікпен аяқталды.

Татуластырушы-судья тараптарға татуласу тетіктерін қолдану арқылы дауды жылдам, ең бастысы екі тарап үшін де қолайлы келісімге келу арқылы аяқталуына қол жеткізуге болатыны, дауды медиация тәртібімен реттеу қарым-қатынасты сақтауға, моральдық және материалдық шығындарды азайтуға, дәлелдемелермен алмасуға, дау бойынша бір мәмілеге келуге мүмкіндік беретіні түсіндірілді.

Нәтижесінде, тараптардан медиациялық келісімді бекіту туралы өтінішхаттары түскен.

Соттың ұйғарымымен медиациялық келісім бекітіліп, іс жүргізу тоқтатылды. Талап қоюшыларға мемлекеттік баж алымы қайтарылды. Сонымен қатар, егер аталған медиациялық келісім ерікті түрде орындалмаған жағдайда, тараптар сотқа мәжбүрлі түрде орындату үшін атқару парағын алуға арызлана алады.





ХАБАРЛАМА!

Қызылорда қаласы аумағындағы ауыл шаруашылығы жерлерінен шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты өткізу жөніндегі қосымша хабарламаны тиісті өсе шегіндегі аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарында және орталық уәкілетті органдарының интернет-ресурсында жарияланған.

Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдау: Қызылорда қаласы, Мұстафа Шоқай көшесі, №147 мекен-жайында орналасқан «Қызылорда қаласының жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі 2022 жылдың 31 қараша сағат 9:00-ден – 21 қараша сағат 13:00-ге дейін қабылданады.

Конкурсның өткізілетін орны: Қазақстан Республикасының ұлттық кәсіпкерлер палатасы «Атамекен» Қызылорда облысының кәсіпкерлік палатасының (Қызылорда қаласы, Қорқыт Ата көшесі, №123 ғимарат, 3 қабат мәжіліс залы) ғимараты мекенжайында 24 қараша күні сағат 10:00-ден бастап өткізілетіндігін хабарлаймыз.

2) Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты қатысуға өтінімде:

Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін – заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіледі отырып, өтінім берушінің – заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлесіне тұлғалары туралы мәліметтер;

2) жеке тұлғалар үшін – өтінім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер;

3) өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері;

4) конкурстық ұсынысы;

5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстық жемініне деген нағызан жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасау жөніндегі міндеттеме қамтылуға тиіс.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты қатысуға өтінімде жеке тұлғаның немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасының уәкілетті өкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген және ресімделген сенімхаттың негізінде ұсыны алады.

Байланыс телефон: (8 7242) 24-42-42, 24-78-30.

Мемлекеттік міндетті жер учаскелерін шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы конкурсына шығарылатын жер учаскелерінің тізбесі

Table with 8 columns: №, Жер учаскесінің орналасқан орыны, Жер учаскесінің көлемі, га, Жер учаскесінің нысаналы мақсаты, Жер пайдалану құқығы, Алқап-тардың құрамы, Бонитет баллы, Сүмен қамтамасыз етілу мүмкіндігі. Rows 1-14 listing various land plots and their details.

ИЗВЕЩЕНИЕ!

Информация о проведении конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства из сельскохозяйственных земель города Кызылорда размещена на интернет-ресурсах местного исполнительного органа города областного значения и центрального уполномоченного органа.

Прямой заявкой на участие в конкурсе осуществляется коммунальным государственным учреждением «Кызылординский городской отдел земельных отношений» по адресу: город Кызылорда, улица Мұстафа Шоқай, №147 с 9:00 часов 3 октября 2022 года до 13:00 часов 21 октября 2021 года.

Место и время проведения конкурса: 24 октября 2022 года с 10:00 часов в здании палаты предпринимателей Кызылординского отдела Национальной палаты предпринимателей Республики Казахстан «Атамекен» (г. Кызылорда, улица Қорқыт Ата, здание №123, 3 этаж, зал заседаний).

Заявка на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства должна содержать:

1) для негосударственных юридических лиц Республики Казахстан – наименование юридического лица, его место нахождения, сведения о государственной регистрации (перерегистрации) в качестве юридического лица, сведения о руководителе(а) и участниках(а) акционерных заявителей – юридического лица с указанием размера их доли в уставном капитале (от общего размера уставного капитала), сведения об акционированных лицах заявителей;

2) для физических лиц – фамилию, имя и отчество (если оно указано в документе, удостоверяющем личность) заявителя, место жительства, гражданство, индивидуальный идентификационный номер, сведения о документе, удостоверяющем личность заявителя;

3) местоположение земельного участка, на который претендует заявитель;

4) конкурсное предложение;

5) обязательства по заключению договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства либо сельскохозяйственного производства в течение трех рабочих дней со дня получения уведомления о необходимости подписания указанного договора в случае признания заявителя победителем конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Заявку на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства могут представлять уполномоченные представители физического лица или негосударственного юридического лица Республики Казахстан на основании доверенности, выданной и оформленной в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Контактные телефоны: (8 7242) 24-42-42, 24-78-30.

Table with 8 columns: №, Расположение земельного участка, Площадь земельного участка, гектар, Целевое назначение земельного участка, Права на земельный участок, Состав угодий, Балл бонитет, Водообеспеченность. Rows 1-16 listing land plots and their details.

Table with 8 columns: №, «Мұсабай» өңірі, 65,0, Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін, Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын беру жөніндегі конкурстық жемініне деген нағызан жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасау жөніндегі міндеттеме қамтылуға тиіс. Rows 15-40 listing various land plots and their details.

Table with 8 columns: №, Урочище «Башпай», 15,0, для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства, права временного возмездного землепользования (аренды) на 5 (пять) лет, Бурая почва, 3, Есть. Rows 17-40 listing various land plots and their details.

Advertisement for Gazeta «San-Ai» press JSC. Includes contact information for the director, editor, and printer, as well as details about the newspaper's publication and subscription information.